

Астана қаласы, №29 «Ақ қайың» МКҚК балабақшасының
жоғары санатты музыка жетекшісі **Мағзұмова Айгүль Ногербековна**

Мектеп жасына дейінгі балалардың қабілетін театр арқылы, оның ішінде ертегі театры арқылы ашу

Мектепке дейінгі жасөспірім баланы тәрбиелеу мен дамыту ісіне байланысты тапсырмаларды шешуде театр ерекше рөл атқарады. Театрдың бала өмірінде алатын орны зор. Театр әр балаға қуаныш, ұмтылмас әсер сыйлайды, оның көркемдік талғамын, еліктеуі мен қиялын дамытады. Әдетте адамның жеке басының қасиеттері бес жасқа дейін қалыптасады. Сондықтан да баланың жан-жақты қалыптасуы үшін мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндердің бойына жақсы, жағымды қасиеттерді сіңіре білу керек. Бала әр нәрсеге құмар, қызыққыш, ол өзінің айналасында болып жатқан өзгерісті, тамаша құбылыстарды сезінуге тырысады. Оның жан-жақты дамып, жеке тұлға болып тәрбиеленуіне, тілінің дамуын театрландырылған ойындар арқылы жетілдіруге болады. Ал, театрландырылған ойындарды балалар қызықтап ойнайды. Театрландырылған ойындар желелі рөлдік ойындардан тек желісі ғана емес, сондай-ақ ойнау іс-әрекетінің сипатымен ерекшеленетіні айқындалған. Театрландырылған ойындар ойын – қойылымдары болып саналады, бұл жерде балаларға арналған көркемдік шығармаларды сахналық қойылымдарға айналдырып, оларды кейіпкер ретінде қатыстырудың маңызы зор. Баланы сахнада кейіпкер ретінде ойната отырып, оның жеке тұлғасын жан-жақты дамыту. Оның бойында әдебиетке, мәдениетке, өнерге деген құштарлықты ояту. Бүлдіршіндер сахнада шағын рөлдерде ойнау арқылы байланыстыра сөйлеуге, әдемі киініп, жинақы жүруге, үлкендермен және өзге де балалармен тіл табыса білуге үйренеді. Жетілген диалог балалардың өз пікірін жеткізе білуге жетелейді. Осындай эмоциялық күйлер баланы бұрын байқамаған өмір көріністеріне таң қалдырып, өз сезімін мимика, ым-ишара, тағы басқа көріністер арқылы біреуге үйретеді. Театрландырылған ойындар балалардың ой-өрісін кеңейтеді, балаларды әңгімеге араласуға, спектакль туралы ата-аналарына, жолдастарына әңгімелеп беруге итермелейді. Бұның бәрі сөйлеу қабілетінің дамуына, диалог түрінде сөйлеуге өзі алған әсерін монолог түрінде сөйлеп жеткізуге септігін тигізеді. Ойын барысында ойын ситуациясына бейімделу, алғашқы да жекелеген элементерді, кейінен рөлді толығымен ойнау арқылы баланың ой-өрісі, қиялы дамиды. Рөлді ойнау арқылы өз кейіпкерін алдына елестетіп қана қоймай, бала оның әрекеттерін, сезімдерін сезінеді. Балабақшадағы театрландырылған іскерлік бағдарламасы: 5 бөлімнен тұрады. Театрландырылған ойын. Кез келген өмірлік мән жайда өз құрбыластарымен және үлкендермен қарым-қатынас жасай білуге, кез-келген жұмысқа шығармашылық қабілетпен қарауға, эстетикалық сезіммен ойнау арқылы мінез құлқын дамыту. Бұл бөлімдегі ойын 3-ке бөлінеді: -дамытушылық

-әсемділік
- театрлық.

Сөз мәдениеті және техникасы. Ойындар мен жаттығулар сөйлеу логикасы мен дикциясын дұрыс артикуляциясын меңгере білуге, сөйлеу құрылымын еркін айтуға, тыныс алуын дамытуға бағытталған. Бұл бөлімге сөздермен айтылатын ойындар кіргізілген. Бейнелеу арқылы сөйлетуін дамыту, шығармашылық фантазиясын дамыту, шағын әңгіме және ертегі құрастыра білуге үйретеді.

Жаттығулар 3-ке бөлінеді: тынысалу және артикуляциялық, дикциялық және интонациялық сөздер мен шығармашылық ойындар. Театр мәдениеті: Балаларға театр өнерінің шынайы сезімдерін меңгерту. Бөлімнің негізгі тақырыптары: театр өнерінің ерекшеліктері, театр өнерінің түрлері, қойылымның жасалуы, сыртқы және ішкі театр, көрермендер мәдениеттілігі.

Театрдың ең көп тараған түрі : ойыншықтар театры . Бұнда балалар қысқа тақпақтарды жаттап, оның өзіне тән орындау кезінен бастап-ақ кішкене көлемді спектакльдер ойнайды. Ондағы адамдар рөлін ойыншықтар орындайды. Жіптің көмегімен басқарылатын қуыршақтарды – маринеткалар дейді. Оларды әр түрлі материалдардан жасайды. Жұмсақ ойыншықтарды да қолдануға болады. Мұндай ойыншықтар қозғалысқа ағаш таяқшалар арқылы келтіріледі, яғни екі айқастырылған ағаш арқылы жіп өткізіліп ойыншыққа байланады. Қолмен қуыршақтарды басқарады. Театр қуыршағының биіктігі баланың биіктігігіндей болады. Бала өзіне костюм, үлкен бетперде. Үлкен алақандар киеді, олар тірі қуыршаққа ұқсайды. Өздері қуыршақты жасауға болады. Оның негізі болып үш бұрышты орамалды алуға болады. Бір бұрышын қуыршақтың басына, екі бұрыштарын резинка арқылы баланың саусақтарына бекітіледі. Қуыршақтың басына тесмалар қосады, ол қуыршақ пен жүргізушінің мойнына ілінеді. Бұл қуыршақтар балаларға әнмен, бимен, ойынмен көрсету арқылы шығармашылықтарын дамытады. Бұл балалардың өздерін еркін сезінуіне, өз күшіне сене білуге көмектеседі. Саусақ театрында – саусақтардың көмегімен қандайда болмасын ертегіні немесе өлең-тақпақ шумағын саханалау болып табылады. Саусақ театры арқылы баланың сөйлеуге деген талпынысы, қабілеті дамып, ынтасы артады және шығармашылық әрекетіне жол ашылады. Саусақ ойынын ойнай отырып, балалар қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды, жан-жануарларды, құстарды және ағаштарды бейнелей алады. Саусақтарының қозғалыс қимылына қарап, бала қуанады шаттанады, сөз айтуға тырысады және өлеңде үйренген сөз шумақтарын қайталап айта отырып, есінде сақтайтын болады. Сонымен қатар балалар екі қолын қимылдата отырып, оң, сол, жоғары, төмен т.б. түсініктерді бағдарлай алуда үйренеді. Үстел үстіндегі театры . Сәбилер тобынан бастап-ақ тақпақ пен қысқа өлеңдерді айтқызығанда көркем сөздер әсерлі естілу үшін стол үстіндегі театрды қолданған жөн. Мұнда үстелде құламай тұратын және қозғалтқанда еш кедергісіз жүретін ойыншықтар қолданылады. Үстел үстіндегі қуыршақтар театрдың бірнеше түрі бар: әр түрлі биіктегі конустан,

цилиндрдан, қораптардан жасалған ойыншықтар; таяқшадан жасалған театр; «киндер- театр»; магнит театры; «мачалка театр»; үстел үстіндегі кейіпкерді тоқымадан немесе қрючокпен тоқуға болады (олар өздерінің формасын ұстағандай пластмас бутылкаларға кигізіп қояды); ағаш ойыншықтар, саздан жасалған ойыншықтар (дымковски ойыншықтар). Көлеңкелі театр - Жарық өте жақсы түскен экранда адамдар, жануарлар және құстардың пішіндерінің қозғалысына қарауды балалар өте жақсы көреді. Ертегі, әңгіме, өлең, әндерді көлеңке театры арқылы айтуға болады. Көлеңке театрдың қойлымын көрсетуге үш тәрбиеші қатысады. Біреуі мазмұнын оқиды, екеуі көріністі көрсетеді. Көлеңке театрдың сақанасы экран болады. Экранды ағаштан немесе қалың кардоннан жасайды, ою- өрнекпен өрнектейді. Кейіпкерлерді көрсету үшін – оны экранның арт жағынан ұстайды. Кейіпкерлерді қара түспен жұқа кардоннан жасайды, жіп арқылы қозғалтады. Кейіпкерлерді көрсеткенде қол көрінбеу керек. Бұл көріністер балалардың шығармашылықтарын арттырады, ой өрістері дамытады. Театрландырылған іскерлік арқылы шешілетін өзімнің педагогикалық жұмысымнан мысал келтірейін. Ертегілерді оқу және оны бірігіп талдау жұмысында бастапқыда ертегіге әңгіме өткізу. Ондағы кейіпкерлердің эмоциясымен және сезімдерімен таныстыру, одан кейін әр түрлі мінез- құлықтары бар бейнелерді бөліп алуға және олардың біреуінің орынына өздерін қоюы туралы айту. Өздерін көру үшін айна қолдану. Ертегіден үзіндіні ойнау-әр түрлі мінез-құлықтармен өткізіледі. Ертегі балаларға ерекше айқын эмоционалді оқиғаны әңгімелейді. Жалпы халық ауыз әдебиетінің бір түрі- ертегі туралы тоқталып өтсек, ерте кезде қазақ халқында бала тәрбиесіне ауыз әдебиетінің бір түрі-ертегінің тигізетін пайдасы зор болған. Ертегілер-ауыз әдебиетінің көне түрлерінің бірі. Ертегілер өтірік болғанымен, мағынасыз болмайды. Көбінесе ертегілер астарлы, адам баласының еңбек-кәсібі, тұрмыс-тіршілігіне байланысты туған.Ертегілердің бала дамуындағы танымдық-адамгершілік және эстетикалық міндеттерінің маңызы зор.. Ертегі арқылы балалар ойлай, қиялдай, армандай біледі, танымдық қасиетін, шығармашылық, диалогтық, монологтық сөйлеу дағдыларын, өз сөзін, ойының дұрыс жеткізе білуіне себебін тигізеді. Қазақ халқының тұрмыс-салтын, арман үмітін, өткен өмірін кеңінен тарататын ауыз әдебиеті үлгілерінің көлемді саласының бірі-ертегілер. Ертегілер өте ерте заманда, тіпті жазу, сызу өнері болмаған кездің өзінде-ақ туған. Бұларды халқымыз күні бүгінге дейін ұрпақтан-ұрпаққа ауызша жеткізіп келеді.

Балабақшада ертегілердің оқытылу жолдары
Ертегінің әсерін тыңдап, эмоционалды тұрғыда қабылдап және кейіпкерлердің мінез-құлқын сала білу.
Тәрбиеші балалардың ертегілерге қызығушылықтарын шыңдау, жалықтырып алмау үшін қызықты әрі мағыналы етіп, кейіпкерлердің рөліне еніп, оқып беру немесе ертегілерді театрландырып беру.Сонымен қатар ертегі желісі бойынша салынған суретті қорғау арқылы баланың ертегіге

деген қызығушылығын ояту. Ертегілерден үзінді жатқа айтқызып үйрету. Мысалы: «Бауырсақ» ертегісінде «Әжемнен қаштым, атамнан қаштым, енді сенен де қашып кетем» -деген үзіндіні балаларға жатқа айтқызып үйрету.

Балалардың өз бетімен ертегіні құрастыруға деген қызығушылықтарын оятып, ертегілер еліне саяхат ұйымдастыру. Бұл жерде балалардың әртістік қабілетін байқауға болады. Ертегі кейіпкерлеріне қарапайым мінездеме беру арқылы жануарлар туралы мағұлмат білуге болады. Ертегіні оқу барысында баланың жас ерекшелігін ескеру қажет. Ертегіні оқып болған соң, міндетті түрде талдау жасау қажет, сонда баланың миында оқылған ертегі сақталынады.

Ертегі арқылы баланы жақсылық пен зұлымдықты ажырата білуге баулу.

Оқылатын материалдың көлемі, мазмұнын анықтап алу қажет, материал мүмкіншілігіне ықшам, қызықты болуы қажет. Қандай ертегіні алсақ та, ол белгілі бір мазмұнға құрылады. Оқиғаның басталуы, аяқталуы, өзіндік шешімі болады. Ертегі баяу басталып, оқиға желісі күрделене түседі. Кейіпкерлер арасындағы қайшылықтар өрістей кеп, әділдік үстемдік құрып, зұлымдық жеңіліс тауып жатады. Бала жағымсыз кейіпкерлердің жексұрын әрекетінен бой тартып, жақсылыққа құмартады.

Бір жастағы баланың ойдағыдай дамуы, онымен үлкендердің қарым-қатынасы сипатымен сабақтас. Екі жаста ойын түрінде тәрбиеші сөздерді қимылмен жетілдіреді. Үш және төрт жастағы кезде тіл қарым-қатынас құралына айналады. Жеңіл ертегілерді әңгімелеп беруге үйренеді, көркем тілді жүйелі оқыту ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті үстінде жүргізіледі, яғни ойын түрінде өткізіледі. Алуан түрлі ойын сюжеттерін дамыту ынтасын, көркем әдебиетті қабылдауды жетілдіреді.

2-3 жастағы балаларға ертегілерді ауызша әңгімелеп береді. Сондықтан ертегі мазмұнын еске түсіру үшін сұрақтар беріледі де, соған тиісінше жауап алады. Ал ертегіні оқып беруден бұрын дайындық жұмыстары жүргізіледі. Мысалы: «Шұбар тауық», «Бауырсақ» ертегілері оқылса, тауық сияқты құтқылдау, ата-әже сияқты жылау немесе қуану, бауырсақтай домалау, Қайтті? Қандай? Не істеді? деген сұрақтарға жауап бергізе отырып, қимыл-қозғалысын жасату. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде шығарма сюжетіне орай көріністер жасату, рөлге бөліп орындау (кейіптендіру), көлеңке театрын көрсету. Балаларға таныс ертегіні көрнекі құралсыз айтып беріп, есте сақтауға үйрету.

Әдетте адамның жеке басының қасиеттері бес жасқа дейін қалыптасады екен. Сондықтанда да баланың жан-жақты қалыптасуы үшін мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндердің бойына жақсы, жағымды қасиеттерді сіңіре білу керек. Бала әр нәрсеге құмар, қызыққыш, ол өзінің айналасында болып жатқан өзгерісті, тамаша құбылыстарды сезінуге тырысады. Оның жан-жақты дамып, жеке тұлға болып тәрбиеленуіне, тілінің дамуын театрландырылған ойындар арқылы жетілдіруге болады. Ал, театрландырылған ойындарды балалар қызықтап ойнайды. Театрландырылған ойындар ойын – қойылымдары болып саналады, бұл

жерде балаларға арналған көркемдік шығармаларды сахналық қойылымдарға айналдырып, оларды кейіпкер ретінде қатыстырудың маңызы зор. Баланы сахнада кейіпкер ретінде ойната отырып, оның жеке тұлғасын жан-жақты дамыту. Оның бойында әдебиетке, мәдениетке, өнерге деген құштарлықты ояту.

2-3 жастағы бүлдіршіндер сахнада шағын рөлдерде ойнау арқылы байланыстыра сөйлеуге, әдемі киініп, жинақы жүруге, үлкендермен және өзге де балалармен тіл табыса білуге үйренеді. Диалог арқылы балалардың өз пікірін жеткізе білуге жетелейді. Ертегіні театрландыру арқылы өз сезімін мимика, ым-ишара, тағы басқа көріністер арқылы біреуге үйретеді. Театрландырылған ойындар 2-3 жастағы балалардың сөйлеуге деген ызығушылығын, ой-өрісін кеңейтеді және балаларды әңгімеге араласуға, спектакль туралы ата-аналарына, жолдастарына әңгімелеп беруге итермелейді. Бұның бәрі сөйлеу қабілетінің дамуына, диалог түрінде сөйлеуге өзі алған әсерін монолог түрінде сөйлеп жеткізуге септігін тигізеді.

Балалар театрының бірнеше түрлері бар:

1. Ең көп тараған түрі: ойыншықтар театры - Бұнда балалар қысқа тақпақтарды жаттап, оның өзіне тән орындау кезінен бастап-ақ кішкене көлемді спектакельдер ойнайды. Ондағы адамдар рөлін ойыншықтар орындайды.

2. Жіптің көмегімен басқарылатын қуыршақтарды – маринеткалар дейді. Оларды әр түрлі материалдардан жасайды. Жұмсақ ойыншықтарды да қолдануға болады. Мұндай ойыншықтар қозғалысқа ағаш таяқшалар арқылы келтіріледі, яғни екі айқастырылған ағаш арқылы жіп өткізіліп ойыншыққа байланады. Қолмен қуыршақтарды басқарады.

Театр қуыршағының биіктігі баланың биіктігігіндей болады.

3. Саусақ театрында – саусақтардың көмегімен қандайда болмасын ертегіні немесе өлең-тақпақ шумағын саханалау болып табылады. Саусақ театры арқылы баланың сөйлеуге деген талпынысы, қабілеті дамып, ынтасы артады және шығармашылық әрекетіне жол ашылады. Саусақ ойынын ойнай отырып, балалар қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды, жан-жануарларды, құстарды және ағаштарды бейнелей алады. Саусақтарының қозғалыс қимылына қарап, бала қуанады шаттанады, сөз айтуға тырысады және өлеңде үйренген сөз шумақтарын қайталап айта отырып, есінде сақтайтын болады. Сонымен қатар балалар екі қолын қимылдата отырып, оң, сол, жоғары, төмен т.б. түсініктерді бағдарлай алуда үйренеді.

4. Үстел үстіндегі театры

-Сәбилер тобынан бастап-ақ тақпақ пен қысқа өлеңдерді айтқызғанда көркем сөздер әсерлі естілу үшін үстел үстіндегі театрды қолданған жөн. Мұнда үстелде құламай тұратын және қозғалтқанда еш кедергісіз жүретін ойыншықтар қолданылады. Үстел үстіндегі қуыршақтар театрдың бірнеше түрі бар: әр түрлі биіктегі конустан, цилиндрдан, қораптардан жасалған ойыншықтар; таяқшадан жасалған театр; «киндер- театр»; магнит театры; «мачалка театр»; үстел үстіндегі кейіпкерді тоқымадан немесе крючокпен

тоқуға болады (олар өздерінің формасын ұстағандай пластмас бутылкаларға кигізіп қояды); ағаш ойыншықтар, саздан жасалған ойыншықтар (дымковски ойыншықтар).

Суреттер (картиналар) театры

-Декорация мен кейіпкердің суреттері. Олардың әрекеттері шектелген. Ойнаушының дауыс ырғағы (интонация) арқылы кейіпкердің мінез-құлқы беріледі. Кейіпкер әрекет барысында пайда болады, балалардың қызығушылығын арттырады.

Көлеңкелі театр - Жарық өте жақсы түскен экранда адамдар, жануарлар және құстардың пішіндерінің қозғалысына қарауды балалар өте жақсы көреді. Ертегі, әңгіме, өлең, әндерді көлеңке театры арқылы айтуға болады. Көлеңке театрдың қойлымын көрсетуге үш тәрбиеші қатысады. Біреуі мазмұнын оқиды, екеуі көріністі көрсетеді. Көлеңке театрдың сақанасы экран болады. Экранды ағаштан немесе қалың кардоннан жасайды, ою- өрнекпен өрнектейді. Кейіпкерлерді көрсету үшін – оны экранның арт жағынан ұстайды. Кейіпкерлерді қара түспен жуқа кардоннан жасайды, жіп арқылы қозғалтады. Кейіпкерлерді көрсеткенде қол көрінбеу керек. Бұл көріністер балалардың шығармашылықтарын арттырады, ой өрістері дамытады.

Ертегіні театрландыру арқылы 2-3 жастағы сәбилердің ынталарын, әр түрлі түстерді ажырата алуына көмектеседі. Сәбилер тобындағы балалар ертегінің мәтінін өздері қайталамау үшін, олар берілген іс-әрекетті орындайды. Мәтінді тәрбиеші 2-3 рет оқу қажет. Рөлмен ойнау балалардың елестету белсенділігін арттырады, өз бетімен шығармашылық ойынға дайындалуға көмектеседі.

1.Тәрбиешілер балаларға ертегі, әңгімелер оқып, не әңгімелеген кезде ертегідегі кейіпкерлердің мінез-құлқына, дауысының ырғағына, қимылдарына назар аударылады.

2.Әр кейіпкердің киіміне көңіл бөлінеді. Қуыршақ театрында қуыршақтардың киімі өзгертіліп отырады.

3.Сұрақ – жауап арқылы кейіпкердің қимылын, іс-әрекетін байқап, бағалап отыру.

4.Қимыл мен сөз арасындағы байланысын қадағалау.

Қорытындылай келе, міне тіл дамыту жұмыстарының барысында балалар нені меңгеру керектігін атап көрсеттік. Қорытындылай келе, мектепке дейінгі балаға дұрыс берген білімнің нәтижесінде олардың болашақта сөздік қоры мол, сауатты азамат болуларының негізі осында қаланатынын біз болашақ тәрбиешілер дұрыс түсінгеніміз жөн. Тіл дамыту бойынша оқылатын әрбір ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті өзінше ерекше болуы керек. Және де ол баланың бойына сіңіп, тамырын тереңнен алғаны жөн деп ұғамыз.

Ертегідегі кейіпкерлердің суреттің салуға бояуға үйрету. Үстел үстіндегі қозғалмалы ойындарды ұйымдастырылған оқу іс - әрекеттінен кейін ойнатуға болады. Онда балалардың өздерінің шығармашылықтары арттады.

Театрландырылған ойынды басқару негізіне әдеби шығармашылық мәтінмен

жұмыс істеу жатады. Мәтінді оқығанда әдеби тілмен анық, мәнерлеп оқу керек.

Қандайда да саханалық қойылымның алдында балалармен бірнеше кіріспе жұмыс жүргізіледі.

1.Тәрбиешілер балаларға ертегі, әңгімелер оқып, не әңгімелеген кезде ертегідегі кейіпкерлердің мінез-құлқына, дауысының ырғағына, қимылдарына назар аударылады.

2.Әр кейіпкердің киіміне көңіл бөлінеді. Қуыршақ театрында қуыршақтардың киімі өзгертіліп отырады.

3.Сұрақ – жауап арқылы кейіпкердің қимылын, іс-әрекетін байқап, бағалап отыру.

4.Қимыл мен сөз арасындағы байланысын қадағалау. Сонымен қатар, балалардың сөздік қоры толықтырылды, сөйтіп олардың белсенділігі артады, сабақтар мен сауық кештері еркін де қызықты түрде өтетін болады. Балалар өздерін еркін де бос ұстап, сабаққа ынталана, құштарланып қатысып отыруға мүмкіндіктер туады. Осындай жұмыстар атқарылған топтардағы балалардың басқа топқа қарағанда ерекшелігі өз беттерімен ойнаған дербес іс-әрекетінде де театр ойындарының түрлерін жиірек қолданатын болды. Драмалық жанрға бейімделген ойындар өздігінен туындап тәрбие жұмыстарының барысында ертегілер, сюжетті көріністер де жиі қолданылып, тіпті кейде ертегінің кейбір бөліктері өзгертіліп отырылды. Топ ішінде емін- еркін жүріп, өздеріне сабақ уақытында керекті ойын құралдарын өздері таңдап алып отырды. Балалардың шығармашылығы тек ролдерді орындаған кезде ғана емес, сонымен қатар қуыршақтар, декорациялар дайындағанда да көрінді. Қуыршақтардың түр- түрін, шымылдықтар, декорация жасау кезеңдегі ұжымдық жұмыстар балалардың ұйымшылдығы мен белсенділігін арттырды. Балалардың шығармашылық қабілеттерін, сөйлеу мәдениеті мен ой-өрісін, дүниетанымын жетілдіруде театр ойындар түрі тиімді нәтиже береді.